

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 желтоқсанда № 6802 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Занының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 16 қарашадағы №17-07/292 ұсынысы негізінде, Қаратерек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округінің Қаратерек ауылының аумағында белгіленген ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қаратерек ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 21 мамырдағы №10 (2020 жылғы 26 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6314 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратерек ауылдық округінің әкімі

А. Касымбеков